

"Мемлекеттік әкімшілік қызметшінің лауазымдық нұсқаулығын әзірлеу мен бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 21 қазандағы № 20 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 151 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 1 қазанда № 21346 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік әкімшілік қызметшінің лауазымдық нұсқаулығын әзірлеу мен бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 21 қазандағы № 20 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14454 болып тіркелген, 2016 жылғы 7 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электронды түрде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда аталған бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік әкімшілік қызметшінің лауазымдық нұсқаулығын әзірлеу мен бекіту қағидаларында:

жоғарыда көрсетілген Қағидаларға қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Мемлекеттік қызмет департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының мемлекеттік қызмет мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы*

А. Жаилғанова

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігі Төрағасының
2020 жылғы 30 қыркүйегі
№ 151 бұйрығына
қосымша
Мемлекеттік әкімшілік

қызметшінің лауазымдық
нұсқаулығын әзірлеу мен
бекіту қағидаларына
қосымша
Нысан
"БЕКІТІЛДІ"

(мемлекеттік лауазымға
тағайындауға және мемлекеттік
лауазымнан босатуға құқығы
бар лауазымды адамның
Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

(мемлекеттік органның атауы,
актінің датасы, нөмірі)

**Лауазымдық нұсқаулық _____
_____ (штат кестесі бойынша мемлекеттік әкімшілік
қызметші лауазымының және мемлекеттік органның құрылымдық
бөлімшесінің толық атауы)**

1. Жалпы ережелер
2. _____ құқықтары
(лауазымның атауы)
3. _____ міндеттері
(лауазымның атауы)
4. _____ жауаптылығы
(лауазымның атауы)

Атқарып отырған лауазымнан босатылған кезде мен жұмыс беруші сеніп тапсырған мүлікті, істер номенклатурасына және жоғарыда аталған міндеттерге сәйкес, сондай-ақ аяқталған және ағымдағы жобалар бойынша қолда бар қызметтік құжаттаманы тікелей басшы айқындайтын мемлекеттік қызметшіге тапсыратын боламын.

Таныстым:

(мемлекеттік әкімшілік қызметшінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда),
қолы, датасы)